

Бекітемін

«Компания Армантай»

Бөбекжол бақшасының

менгерушісі

Гасанова А.Ж.



«Балапан» тобы Түстер әлемі

«Балапан» тобы

Түстер әлемі

Каримжанова Ю.Б.

Шымкент 2021

Максаты: Балаларға негізгі түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, көк, жасыл. Сары түспен таныстыру. Балалардың коммуникативтік- ақпараттық күзіреттілігін молайтып, ой- түйсігін, қиялын дамыту. Сенсорлық ойлау қабілетін дамыту.

Сөздік жұмыс: Қызыл, жасыл, көк, сары.

Дидактикалық құралдар: Түрлі- түсті қақпақтар, әр түрлі дөңгелектер.

Блингвистикалық компоненті: Қызыл – красный, көк – синий, сары – желтый, жасыл – зеленый.

Сәлеметсіңдер ме балалар!

-Көңіл күйлерің қалай?

1 . Шаттық шеңбері

Табиғат –біздің анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Иіліп сәлем береміз,

Біз әдепті баламыз.

Жаңа тақырып :

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің айлары қандай?

-Табиғатта қандай ерекшеліктер болады?

Баланың оқу-қызметіне кірісуіне түрткі болу:

Түстерді кайталау.(мултимедиа арқылы) Сары түспен таныстыру.

-Балалар бұл ненің суреті?

Дұрыс айтасындар пингвинг

Қанша пингвинг бар екен санайықшы 1 2 3 4 5

балаларға ерте кезде адамдардың суретті жерге, тастарға салғандығы туралы айтады. Оларда құралдар, бояулар болмаған, біртіндеп келе бояу ретінде сазбалшықты жағып, тастарға сурет салып көрген. Кейінірек шөптің бояуы шығатынын байқап, оларды бояу орнына қолданды. Қылқаламның орнына саусақтарымен жұмыс жасаған. Сосын құстың қанатын пайдаланды. Қарындаш жоқ болғандықтан, бор немесе қорғасынмен сызды.

кейінірек түрлі түсті қарындашты, акварель бояуларды алуан түрлі түс беретін қоспалар қосып, дайындай бастады.

1 «Автокөліктерді гаражға түсіне сәйкес орналастыру»

Шарты: . Түстеріне байланысты әр көлікті өз гараждарына орналастыр Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту.

2 Сергіту сәті:

Бала бала балақан

Қане қайсы алақан

Саусақтары әйбат

Былай – былай ойнат.

3 Шардың ішінде не бар?

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұсақ тастар, жаңғақтар.

Ойынның мазмұны: Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.

4. «Сайықмазақ» Дәлдеу

Допты шеңберге түсір (дәл көзде).

Балалар дөңгеленіп тұрады. Әр баланың қолында бір-бір кішкентай доп. Шеңбердің ортасында жәшік немесе үлкен кәрзеңке. (Балалар мен меженің арасы бір жарым-екі метрден аспайды.) Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар допты жәшікке лақтырады, одан кейін ол доптарды қайтадан алады да өз орындарына барып отырады. Егер бала межені дәл көздемесе, допты жерден (еденнен) көтереді де басқалар сияқты шеңберге тұрады.

Ойын қайтадан басталады.

Ойында бір мезгілде 8 -10 бала қатысады.

5 . Сурет «Доп »

әртүрлі материалдармен сурет салу тәсілдерін көрсетіп, қылқаламмен, қарындашпен дұрыс жұмыс жасау ережесін түсіндіреді.

балаларға жұмыстың орындалу барысын түсіндіреді. Балалар жұмыс дәптерлерінде сызықтар мен геометриялық материалдарды түрлі бояулармен (акварель, гуашь, түрлі түсті қарындаштар) орындап жаттығады.

. Ары қарай балалар акварель бояу, гуашь, түрлі түсті қарындаштардың қасиетін анықтау үшін өз беттерінше тәжірибе жасап көреді. Балалар педагогпен бірлесе отырып, мынадай

қасиеттерін анықтайды: акварель бояу ағады, тез ериді, мөлдір; гуашь қалың жағылады, қою; түрлі түсті қарындаштар жұмсақ, ашық түсті, сызық түрінде түседі.

6. Сергіту сәті: «Руки мыть»

7. «Ретімен орналастыр!»

Мақсаты: сандарды ажыратып біледі және санап үйренеді. Ойыншықтардың санына қарай цифрларды байланыстырып үйренеді. Заттарды санайды, жұптық және топтық заттарды салыстырады. Реттік санауды меңгереді, геометриялық пішіндерді ажыратады және уақытты бағдарлайды (ертең, бүгін, кеше).

Ойын шарты: Үстелде ойыншықтар: піл, үйрек, өрмекші, қанқыз, жылан. Ретімен орналастыр: 1-ші аяқтарының саны азынан, соңына — қайсысының аяқтарының саны көп соны қою керек. Не үшін бұлай орналастырғанын балалардан сұрайды

8. Эксперимент «Кенпирқосақ»

Қорытынды. Педагог орындалған, аяқталған жұмыстарды бағалап, талдау жасауды балалармен бірге жүргізеді. Талдау барысында ең жақсы, сапалы орындалған суреттерді үлгі ретінде тақтаға іліп, балалардың еңбектерін бағалау, мадақтау